	отбасы мүшелерімен бірге өмір сүріп, бір-бірімізге көмектесеміз, қамқорлық жасаймыз. Сенің отбасыңда кімдер бар? **Есте сақтайық** Отбасы Жақсы көремін **Тыңда қайтала** Бұл – менің анам. Мен анамды жақсы көремін. Бұл – менің әкем. Мен әкемді жақсы көремін. Бұл – менің атам. Мен атамды жақсы көремін. Бұл – менің әжем. Мен әжемді жақсы көремін. **Сұраққа жауап бер** Сен кімді жақсы көресің? **Тыңда.** **Отбасың туралы айт.** Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Оның аты – Әділбек. Бұл – менің анам. Оның аты – Жансая. Бұл – менің інім. Оның аты – Айдар. Мен отбасымды жақсы көремін. **Суретпен жұмыс**	отбасы мүшелерімен бірге өмір сүріп, бір-бірімізге көмектесеміз, қамқорлық жасаймыз. Сенің отбасыңда кімдер бар? **Есте сақтайық** Отбасы Кімді Жақсы көремін **Тыңда қайтала** Бұл – менің анам. Менің анам әдемі. Мен анамды жақсы көремін. Бұл – менің әкем. Менің әкем күшті. Мен әкемді жақсы көремін. Бұл – менің атам. Менің атам ақылды. Мен атамды жақсы көремін. Бұл – менің әжем. Менің әжем әдемі. Мен әжемді жақсы көремін. **Сұраққа жауап бер** Сен кімді жақсы көресің? **Тыңда.** **Отбасың туралы айт.** Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Оның аты – Әділбек. Ол күшті. Бұл – менің анам. Оның аты – Жансая. Ол әдемі. Бұл – менің інім. Оның аты – Айдар. Ол ақылды. Мен отбасымды жақсы көремін.	**Есте сақтайық** Дос Жақсы **Тыңда, қайтала** Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Ол күшті. Ол бес жаста. Бұл – менің досым. Оның аты – Айдын. Ол ақылды. Ол – жақсы дос. **Сұрақтарға жауап бер.** Айбек неше жаста? Айбек қандай? Айдын қандай? **Үлгі бойынша сөйлес.** Ратмир, сенің досыңның аты кім? Бұл – менің досым. Оның аты кім? Оның аты – Ақылбек. Ол неше жаста? Ол бес жаста. Ол қайда барады? Ол балабақшаға барады. Ақылбек қандай? Ақылбек – ақылды, күшті. **Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.

	Бұл кімнің отбасы? Бұл – менің отбасым. **Рефлексия:** Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін сұрау.	**Суретпен жұмыс** Бұл кімнің отбасы? Бұл – менің отбасым. **«Отбасындағы рөлдер» ойыны** Мұғалім балаларға әр отбасы мүшесінің рөлі туралы айтып береді (мысалы, әке жұмыс істеп, отбасын асырайды, ана үй шаруасын жасайды, балалар оқиды, ата-әже ақылшы болады т.б.). Балалар осы рөлдерді ойнап көрсетеді. Әр балаға әр отбасы мүшесінің рөлін ойнауға мүмкіндік беріледі. **Қорытынды:** Отбасы – бұл біздің өміріміздегі ең жақын адамдар. Біз бір-бірімізге қамқор болып, көмектесуіміз керек. Балаларға: "Сендер өз отбастарыңды жақсы көресіңдер ме? Неге?" деген сұрақ қойылады. Әр бала өз отбасы туралы жылы сөз айтады, мұғалім белсене қатысқаны үшін мақтайды. **Рефлексия:** Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін	

		сұрау.	
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Суретпен жұмыс** Бұл кімнің отбасы? Бұл – менің отбасым.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **«Қай асық жетпей тұр?» ойыны** Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Үлгі бойынша сөйлес.** Ратмир, сенің досыңның аты кім? Бұл – менің досым. Оның аты кім? Оның аты – Ақылбек. Ол неше жаста? Ол бес жаста. Ол қайда барады? Ол балабақшаға барады. Ақылбек қандай? Ақылбек – ақылды, күшті.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
Мектепалды тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 14.11 –19.11. 2022 жыл (3-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **15.11**	**Сейсенбі** **15.11**	**Бейсенбі** **17.11**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Адай» күйі		

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** Тақырыбы: «Менің досым» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Әңгімелесу** Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнай ма? Дос дегенді қалай түсінесіңдер? **Есте сақтайық** Дос Жақсы **Тыңда, қайтала** Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Ол күшті. Бұл – менің досым. Оның аты – Айдын. Ол ақылды. Ол – жақсы дос. **Сұрақтарға жауап бер.** Айбек қандай?	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Аулада сен не істейсің?» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Есте сақтайық!** Аула Сурет саламын Доп ойнаймын **Тыңда, қайтала.** Сәлем, Айбек! Сәлем, Асқар! Сен аулада не істейсің? Мен доп ойнаймын. Сен аулада не істейсің? Мен сурет саламын. **Сұраққа жауап бер.** Сен аулада не істейсің? Мен доп ойнаймын.	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Менің достарым» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Әңгімелесу** Балалар, сендерге жалғыз ойнаған ұнай ма? Дос дегенді қалай түсінесіңдер? **Тыңда, қайтала** Мынау – менің достарым Арман футбол ойнайды Әсет сурет саалады Айбек велосипед тебеді **Сурет бойынша айт** Ол футбол ойнайды Ол сурет салады Ол велосипед тебеді **Үлгі бойынша айт**

	Айдын қандай? **Сергіту жаттығуы** **Үлгі бойынша сөйлес.** Ратмир, сенің досыңның аты кім? Бұл – менің досым. Оның аты кім? Оның аты – Ақылбек. Ол қайда барады? Ол балабақшаға барады. Ақылбек қандай? Ақылбек – ақылды, күшті. **Рефлексия:** Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін сұрау.	Сен аулада не істейсің? Мен сурет саламын. **Үлгі бойынша сөйлес.** Сәлем, Айбек! Сәлем, Асқар! Қалың қалай? Жақсы, рақмет? Сенің қалың қалай? Жақсы. Сен аулада не істейсің? Мен доп ойнаймын. Сен не істейсің? Мен сурет саламын. **Қимылды әрекет** **Рефлексия:** Балалардан не үйренгенін сұрау.	Менің атым – Нұрбек. Менің достарым – Арман, Айбек, Әсет. Арман футбол ойнайды. Әсет сурет саалады. Айбек велосипед тебеді. Менің достарым жақсы. **Қимылды әрекет** **Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Тыңда, қайтала** Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Ол күшті. Бұл – менің досым. Оның аты – Айдын. Ол ақылды. Ол – жақсы дос.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Үлгі бойынша сөйлес.** Сәлем, Айбек! Сәлем, Асқар! Қалың қалай? Жақсы, рақмет? Сенің қалың қалай? Жақсы. Сен аулада не істейсің? Мен доп ойнаймын. Сен не істейсің? Мен сурет саламын.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **«Қай асық жетпей тұр?» ойыны** Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
мектепалды тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 21.11 – 26.11. 2022 жыл (4-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **26.11**	**Сәрсенбі** **27.11**	**Бейсенбі** **28.11**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Суретке қара** Бұл кім? Бұл – ата. Бұл кім? Бұл – әже. Бұл кім? Бұл – әке. Бұл кім? Бұл – ана.	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Кел, санайық!» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Сөйлесу** Балалар, қазір қай мезгіл? Күз мезгілінде неше ай бар?	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Суретке қара** Бұл кім? Бұл – ата. Бұл кім? Бұл – әже. Бұл кім? Бұл – әке.

	Сұраққа жауап бер **Сен кімді жақсы көресің?** Мен анамды жақсы көремін. Мен әкемді жақсы көремін. Мен атамды жақсы көремін. Мен әжемді жақсы көремін. **Сенің атаң қандай?** Менің атам күшті. Менің әжем ақылды. Менің әкем күшті. Менің анам әдемі. **Сен аулада не істейсің?** Мен доп ойнаймын. Мен сурет саламын. **Сурет бойынша әңгімеле** Мынау кімнің отбасы? **Қимылды әрекет** **Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу. **Рефлексия:** Балалардан не ұнағанын және не үйренгенін сұрау.	**Бейнежазба көру** **«Санау»** 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10. Бұл есептік сан есім **Сұрағы: неше?** **Ал номер беріп, ретімен санасақ, ол – реттік санау болады.** Біз бүгін қазақша ретімен санауды үйренеміз. **Тыңда, қайтала** (отырған балаларды ретімен санап шығады) Балалар, кім бірінші отыр? **Аня – бірінші.** **Коля – екінші.** **Катя – үшінші....** **Есте сақта!** **Неше? Нешінші?** Бір бірінші Екі екінші Үш үшінші Төрт төртінші Бес бесінші **Суретпен жұмыс** (жарысқа қатысқанда 1, 2, 3-орын беріледі) Аня – бірінші орын. Маша – екінші орын. Катя – үшінші орын. **Сұраққа жауап бер** Аня нешінші орын алды? Аня – бірінші орын. Коля нешінші орын алды? Коля – екінші орын.	Бұл кім? Бұл – ана. **«Менде бар, менде жоқ» ойыны** Менің ағам бар Менің ағам жоқ Менің інім бар Менің інім жоқ **Сұраққа жауап бер** **Сен кімді жақсы көресің?** Мен анамды жақсы көремін. Мен әкемді жақсы көремін. Мен атамды жақсы көремін. Мен әжемді жақсы көремін. **Сенің атаң қандай?** Менің атам күшті. Менің әжем ақылды. Менің әкем күшті. Менің анам әдемі. **Сен аулада не істейсің?** Мен доп ойнаймын. Мен сурет саламын. **Сенің досың неше жаста?** Менің досым бес жаста. **Сурет бойынша әңгімеле** Мынау кімнің отбасы? **Қимылды әрекет** **Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.

		Катя нешінші орын алды? Катя – үшінші орын. **Үлгі бойынша сөйлес** Сенің атың кім? Менің атым – Аня. Сен неше жастасың? Мен бес жастамын. Сен нешінші орын алдың? Мен бірінші орын алдым. **Қимылды әрекет** **Рефлексия:** Балалардан не үйренгенін сұрау.	
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Тыңда, қайтала** Бұл – менің досым. Оның аты – Айбек. Ол күшті. Бұл – менің досым. Оның аты – Айдын. Ол ақылды. Ол – жақсы дос.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Үлгі бойынша сөйлес.** Сәлем, Айбек! Сәлем, Асқар! Қалың қалай? Жақсы, рақмет? Сенің қалың қалай? Жақсы. Сен аулада не істейсің? Мен доп ойнаймын. Сен не істейсің? Мен сурет саламын.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **«Қай асық жетпей тұр?» ойыны** Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады

ТЕКСЕРІЛДІ:

_____

28.11.2022 ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
мектепалды тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 28.11 – 03.12. 2022 жыл (1-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **29.11**	**Сейсенбі** **29.11**	**Бейсенбі** **1.12**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** Тақырыбы: «Менің шашым қара» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Жұмбақ шешейік**	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Менің шашым қара» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету.	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Оң қолымда бес саусақ» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету.

	Біреуі сөйлейді, екеуі көреді, екеуі тыңдайды. Олар нелер? Ауыз, екі көз, екі құлақ. Балалар, қалай ойлайсыңдар, біз бүгін не үйренеміз? Ия, бүгінгі тақырыбымыз «Адамның дене мүшелері» деп аталады. **Бейнежазба көру** «Дене мүшелері» **Тыңда, қайтала** Шаш. Бас. Көз. Мұрын. Ауыз. Құлақ **Есте сақта** Менің шашым Сенің шашың Оның шашы **Сұраққа жауап бер** Сенің шашың қандай? Менің шашым қара Менің шашым қоңыр **Үлгі бойынша айт** Бұл менің досым. Оның аты – Арман. Оның шашы қара. **Сергіту сәті.** **«Бұл мен» ойыны** Бұл көздер. Міне. Міне Бұл құлақ. Міне. Міне. Бұл мұрын. Бұл ауыз. Бұл қолдар. Шапалақ-шапалақ. Бұл аяқтар. Топ-топ, топ-топ.	**Жұмбақ шешейік** Біреуі сөйлейді, екеуі көреді, екеуі тыңдайды. Олар нелер? Ауыз, екі көз, екі құлақ. Балалар, қалай ойлайсыңдар, біз бүгін не үйренеміз? Ия, бүгінгі тақырыбымыз «Адамның дене мүшелері» деп аталады. **Бейнежазба көру** «Дене мүшелері» **Тыңда, қайтала** Шаш. Бас. Көз. Мұрын. Ауыз. Құлақ **Есте сақта** Менің шашым Сенің шашың Оның шашы **Сұраққа жауап бер** Сенің шашың қандай? Менің шашым қара Менің шашым қоңыр **Үлгі бойынша айт** Бұл менің досым. Оның аты – Арман. Оның шашы қара. **Үлгі бойынша сөйлес.** Бұл кім? Бұл – менің досым. Оның аты кім? Оның аты – Жақсылық. Оның шашы қандай? Оның шашы қара. Ол не істейді?	**Тыңда, қайтала** Бас. Оң қол. Сол қол. Оң аяқ. Сол аяқ **Үлгі бойынша айт.** Мынау – менің оң қолым. Мынау – менің сол қолым. Мынау – менің оң аяғым. Мынау – менің сол аяғым. **Есте сақтайық!** Қол. Саусақ. Алақан. Оң. Сол **Үлгі бойынша сөйлес.** Влад, мынау қай қол? Оң қол. Мынау қай қол? Сол қол. Оң қолында неше саусақ бар? Бес саусақ. Сол қолында неше саусақ бар? Бес саусақ. **Жаттап ал.** Оң қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз. Бесті беске қосамыз. Қанша болды барлығы? Кел, санайық бәріміз! 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10. **Қимылды әрекет** **Қорытынды:** Рақмет

	Қорытынды: Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.	Ол футбол ойнайды. **«Не жапты?» ойыны** Балалар естігені бойынша өз дене мүшелерін қолымен жабады. **Сергіту сәті.** **«Бұл мен» ойыны** Бұл көздер. Міне. Міне Бұл құлақ. Міне. Міне. Бұл мұрын. Бұл ауыз. Бұл қолдар. Шапалақ-шапалақ. Бұл аяқтар. Топ-топ, топ-топ. **Қимылды әрекет** **Рефлексия:** Балалардан не үйренгенін сұрау.	айту. Мадақтау. Қоштасу.
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Жұмбақ шешейік** Біреуі сөйлейді, екеуі көреді, екеуі тыңдайды. Олар нелер? Ауыз, екі көз, екі құлақ. **«Қай асық жетпей тұр?» ойыны** Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады	**<u>5 жастағы балалар</u>** Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап, Болам елдің қорғаны.	**<u>5 жастағы балалар</u>** Елтаңбасы елімнің Неткен әйбат, әдемі. Тұнығындай көңілді, Ортада аспан әлемі. Құт-береке шаңырақ, Орын алған ол төрден. Қанатты қос арғымақ Екі жақтан көмкерген.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 05.12 – 10.12. 2022жыл (2-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **6.12**	**Сейсенбі** **6.12**	**Бейсенбі** **8.12**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**Ересек топ** Тақырыбы: «Оң қолымда бес саусақ» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, қазір қай мезгіл? **Тыңда, қайтала** Бас. Оң қол. Сол қол. Оң аяқ. Сол аяқ	**Мектепалды тобы** Тақырыбы: «Мен қолымды жуамын» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Жаңа сөздерді есте сақтайық!** Жу, жуамын, кір, таза Балалар, ас ішір алдында	**Мектепалды тобы** Тақырыбы: «Тісіңді тазала» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Жаңа сөздерді есте сақтайық!** Тіс, тазала, тазалаймын Балалар, таңертең

	Үлгі бойынша айт. Мынау – менің оң қолым. Мынау – менің сол қолым. Мынау – менің оң аяғым. Мынау – менің сол аяғым. **Есте сақтайық!** Қол. Саусақ. Алақан. Оң. Сол **Үлгі бойынша сөйлес.** Влад, мынау қай қол? Оң қол. Мынау қай қол? Сол қол. Оң қолыңда неше саусақ бар? Бес саусақ. Сол қолыңда неше саусақ бар? Бес саусақ. **Жаттап ал.** Оң қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз. Бесті беске қосамыз. Қанша болды барлығы? Кел, санайық бәріміз! 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10. **Қимылды әрекет** **Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.	бір-бірімізге қандай тілек айтамыз? **Тыңда, қайтала** Ас болсын! Рақмет! Ас ішіп болғаннан кейін не істеу керек? Арман, қолыңды жу. **Менімен бірге қайтала** Мен қолымды жуамын Сен қолыңды жуасың Ол қолын жуады **Суретпен жұмыс** Менің қолым кір Мен қолымды жуамын Менің қолым таза Мен қолымды жумаймын. **Сұраққа жауап бер.** Сен қолыңды жуасың ба? Ия, мен қолымды жуамын. Жоқ, мен қолымды жумаймын. **Кел, жаттайық!** Қолыңды жу, қолыңды жу, Қолыңды жу, балақай! Оң қол, сол қол, Тап-таза, алақай! (Ә.Шапағат) **Қимылды әрекет**	тұрғаннан кейін не істеу керек? **Тыңда, қайтала** Алмас, тісіңді тазала! Ия, тазалаймын **Есте сақта!** Мен тазалаймын Сен тазалайсың Ол тазалайды **Үлгі бойынша сөйлес** Сен не істейсің? Мен қолымды жуамын Сен не істейсің? Мен тісімді тазалаймын **Сұраққа жауап бер** Сен тісіңді тазалайсың ба? Ия, мен тісімді тазалаймын Жоқ, мен тісімді тазаламаймын **Суретпен жұмыс** Сен не істейсің? **Қимылды әрекет** **Қорытынды:** Рақмет айту. Мадақтау. Қоштасу.

		Рефлексия: Балалардан не үйренгенін сұрау.	

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **«Қай асық жетпей тұр?» ойыны** Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады	**<u>5 жастағы балалар</u>** Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап, Болам елдің қорғаны.	**<u>5 жастағы балалар</u>** Елтаңбасы елімнің Неткен әйбат, әдемі. Тұнығындай көңілді, Ортада аспан әлемі. Құт-береке шаңырақ, Орын алған ол төрден. Қанатты қос арғымақ Екі жақтан көмкерген.

.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 12.12 – 17.12. 2022 жыл (3-апта)

Сөздік минимум	Қазір қыс мезгілі, шана, аққала, қар, суық, аяз, ай, күн, аспан, бұлт.	Бүгін, күн, суық, жылы. Бүгін күн жылы ма, суық па?	Мен шаңғы тебемін. Мен коньки тебемін.
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** Тақырыбы: «Қыс» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалармен шеңберде тұрып, амандасу: Арайлап таң атты, Шаттыққа толды күн. Қайырлы таң, балалар, Қайырлы күн, достарым! Балалардың көңіл-күйін сұрау. **Сұрақ-жауап әдісі:** Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыста қандай өзгерістер болады? (Қар жауады, суық болады, адамдар жылы киінеді). **Сөздік жұмыс:** Қар (снежок) Шана (санки)	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Бүгін күн қандай?» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір қыс мезгілі. Жаңа сөздер Бүгін, күн, жылы, суық, Балалар, қыс мезгілінде де кейде күн жылы, кейде суық болады. Бүгін күн қандай? Бүгін күн жылы	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Мен шаңғы тебемін» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. Балаларға амандасу. Қазір қай мезгіл? Бүгін күн қандай? Кім қыс мезгілін жақсы көреді? Балалар, қыс мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз? Суреттер арқылы жаңа сөздермен таныстыру: Шаңғы, шана, коньки, тебемін **Дидактикалық ойын**

	Шаңғы (лыжи) Аққала (снеговик) Балалармен сөздерді бірнеше рет қайталау, суреттерін көрсету. **Ойын: «Не артық?»** Балаларға суреттер беріледі (қар, жапырақ, аққала, шана, гүл). Артық затты тауып, неге екенін түсіндіру. **Дидактикалық ойын: «Қар жинаймыз»** Балаларға қағаздан жасалған қар үлпектері таратылып, оларды себетке жинау ұсынылады. Тапсырма: Әр үлпекті жинағанда, бір жаңа сөзді немесе сөйлемді қайталау. **Тақпақ жаттау:** **Қар жауды** Жапалақтап қар жауды, Ақ көрпеге оранды. Табиғатта, қараңдар, Тамаша әсем таң қалды. **Қорытынды бөлім** Балалармен қыс туралы шағын сұрақ-жауап өткізу. Бүгін біз не үйрендік?	**Есте сақта!** Жылы, суық **«Ауа райын сипатта» ойыны** Балаларға ауа райы карточкасын таңдау ұсынылады. Олар сол карточка бойынша қазақ тілінде қарапайым сөйлем құрайды. Күннің көзі шығып тұрған сурет бойынша «Күн жылы» деген сөйлем құрайды. Бұлтты күн болса, «Күн суық» **Ойын: «Күн қандай?»** Балаларға ауа райының бір суретін көрсетіп, сұрақ қояды: Бүгін күн жылы ма? Балалар күн жылы болса, «Ия, күн жылы» деп жауап береді. Бүгін күн жылы ма? деген сұраққа күн суық болса, балалар «Жоқ, күн суық» деп жауап береді. Әрбір дұрыс жауапқа смайлик немесе жұлдызша беріледі.	«Суретті тап» Балаларға шаңғы, шана, коньки тебуге қатысты суретті табуды ұсынады. Әр тапқан суреттің атын қазақша айту керек. **Қимылды ойын:** «Шаңғышылар жарысы» Балалар белгіленген жолақтар бойымен шаңғышы рөлінде бір орнында тұрып, шаңғы тебуді елестетіп, қозғалыс жасайды «Алға!» деген бұйрықпен жылжиды, «Тоқта!» дегенде тоқтайды. Балалар, есімізге түсірейікші, жаз мезгілінде қандай ойындар ойнаймыз, балалар не тебеді? «Жазда велосипед тебеді» деп жауап береді. Сызба бойынша айт Велосипед тебеді Шана тебеді Шаңғы тебеді Коньки тебеді.

	сұрағына жауап беру. Балаларға жылы киініп жүрудің маңыздылығын түсіндіру.	**Ойын: «Тапсырманы орында!»** Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші ауа райын сипаттайды: «Күн жылы, біз серуендейміз» (Балалар жүреді.) «Күн суық, біз тоңамыз» (Балалар дірілдейді.) Барлық балалар ауа райына сәйкес қимылдар жасап, әр сипаттаманы қайталап айтады. **Ойын: «Күн жылы ма, суық па?»** Педагог ауа райын сипаттайды: «Күн жылы, күн жарқырап тұр» «Күн суық, қар жауып тұр» Балалар тез арада дұрыс термометр карточкасын көтереді. Ең жылдам және дұрыс жауап берген балалар мадақталады. **Қимылды әрекет** **Рефлексия:** Балалардан не үйренгенін сұрау.	Қорытынды бөлім Балалардан жаңа сөздерді қайталау. Бүгін не ұнағанын сұрау. Балаларды мадақтау.

4 жастағы балалар	**5 жастағы балалар**	**5 жастағы балалар**
Тақпақ жаттау: **Қар жауды** Жапалақтап қар жауды, Ақ көрпеге оранды. Табиғатта, қараңдар, Тамаша әсем таң қалды. **«Қай асық жетпей тұр?» ойыны** Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады	Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап, Болам елдің қорғаны.	Елтаңбасы елімнің Неткен әйбат, әдемі. Тұнығындай көңілді, Ортада аспан әлемі. Құт-береке шаңырақ, Орын алған ол төрден. Қанатты қос арғымақ Екі жақтан көмкерген.

.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
Мектепалды тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 19.12 – 23.12. 2022 жыл (4-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **19.12**	**Сейсенбі** **19.12**	**Бейсенбі** **21.12**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Құлақшын, тон, қолғап, етік	Шаңғы, жаңбыр, қоңыр	Бүгін күн қандай? Мынау қай қол? Оң қолында қанша саусақ бар?
«Қазақ тілі»	**Ересек топ**	**Мектепалды тобы**	**Мектепалды тобы**

ұйымдастырылған іс-әрекеті	Тақырыбы: «Қыстық киімдер» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір қыс мезгілі. Далада не жатыр? Далада қар жатыр Қардың түсі қандай? Қар аппақ. Ауа райы қандай? Күн аяз. Күн суық. Қыс келгенде адамдардың өмір сүру жағдайы қалай өзгереді? Адамдар жылы киінеді. Ия, балалар, біз бүгін қыстық киімдердің қазақша атауларын үйренеміз. **Суретпен жұмыс** Құлақшын, күрте, қолғап, етік, пима. **«Біреу және көп» ойыны** Құлақшындар, күртелер, қолғаптар, етіктер, пималар **Түстерді еске түсірейік!**	Тақырыбы: «Ң дыбысы» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ң дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. Қазір қай мезгіл? Қыс мезгілінде неше ай бар? **Жұмбақ жасыру** Ақ қарда тек тұрмадым, Қос таяқпен зырладым (Шаңғы) «Шаң-ғы» сөзін шапалақтау арқылы буынға бөлейікші. Осы сөздің ортасындағы «ң» дыбысын қайталайықшы **Бейнежазба көру «ң» дыбысының айтылуы** Ң – қазақ тіліне тән дыбыс. [ң] дыбысын айтқанда тілдің артқы жағы жұмсақ таңдайға тығыз тиеді. Тіл ұшы төмен түседі. Дыбыс	Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; 10-ға дейін тура санауды бекіту; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. Балаларға амандасу. Қазір қай мезгіл? Бүгін күн қандай? **Еске түсірейік** Бас, оң қол, сол қол, оң аяқ, сол аяқ **Суретке қарап айт** Мынау қай қол? Оң қол, сол қол Мынау – менің оң қолым Мынау – менің сол қолым. **Тақпақ жаттайық** Бала, бала, балақан, Кәне, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат. **Сұраққа жауап бер** Оң қолыңда неше саусақ бар?

	«Түстер» додекаэдр әдісі бойынша қайталау **«Құлақшынды түсіне қарай ата» ойыны** Қызыл құлақшын Көк құлақшын Жасыл құлақшын Қоңыр құлақшын **Есте сақта!** **Кигіземіз – одеваем** **«Қуыршақты киіндір» ойыны** Мұғалім: Балалар, Маша қуыршағы далаға шыққысы келеді. Дала суық. Ол қалай киінетінін білмейді, сендер көмектесесіңдер ме? Басына құлақшын кигіземіз. Үстіне күртеше кигіземіз. Қолына қолғап кигіземіз. Оң аяғына етік, сол аяғына етік кигіземіз. **Қимылды әрекет** **Киіну** **Қорытынды** Балалармен қыс туралы шағын сұрақ-жауап өткізу. Бүгін біз не үйрендік? сұрағына жауап беру. Балаларға жылы киініп жүрудің маңыздылығын түсіндіру.	мұрын арқылы шығады. Қайырлы таң-ң-ң Сенің атың кім? Менің атым Сау болыңыз! Қоңыр Жаңбыр Елтаңба Оң қол Шаңғы **Сергіту сәті «Қуырмаш»** Қуыр-қуыр-қуырмаш, Тауықтарға бидай шаш. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қойыңа бар! Сен тұр – жылқыңа бар! Сен тұр – ешкіңе бар! Сен тұр – сиырыңа бар! Сен тұр – түйеңе бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. Мына жерде құрт бар, Мына жерде май бар. Мына жерде қатық бар, Қытық, қытық! **Жаңылтпашты жаңылмай айт.** Ой ойласаң, тең ойла. Тең ойласаң, кең ойла. Қоңыр қоңыз, Қоңыр жерге,	Сол қолыңда неше саусақ бар? **Кел, санайық!** Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Алақанды ашамыз, Бесті беске қосамыз. Қанша болды барлығы Кел, санайық бәріміз. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 **Сен не істейсің?** Мен қолымды жуамын **Суретке қарап айт** Мынау – менің оң аяғым Мынау – менің сол аяғым. **Қорытынды** Балалардан жаңа сөздерді қайталау. Бүгін не ұнағанын сұрау. Балаларды мадақтау.

		Қонды қоңыз. **Қорытындылау.** - Бүгін нені үйрендік? - Қандай дыбыспен таныстық? - Ң дыбысы қандай дыбыс екен? Ң дыбысына байланысты сөздерді айту.	
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **«Құлақшынды түсіне қарай ата» ойыны** Қызыл құлақшын Көк құлақшын Жасыл құлақшын Қоңыр құлақшын	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Жаңылтпашты жаңылмай айт.** Ой ойласаң, тең ойла. Тең ойласаң, кең ойла. Қоңыр қоңыз, Қоңыр жерге, Қонды қоңыз.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Тақпақ жаттайық** Бала, бала, балақан, Кәне, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
Мектепалды тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 2.01.2023 – 06.01. 2023 жыл (1-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **3.01**	**Сейсенбі** **03.01**	**Бейсенбі** **05.01**
Ұйымдастырылған	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау.		

іс-әрекетке дайындық	Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, кірпі.	Қазір қыс мезгілі. Қар, аппақ	Құлақшын, қалпақ, тон, қолғап, етік, пима, шәлі.
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, табиғатта қажет тамақтарын тауып, өздерін өздері асырайтын, жаулары мен ауа райы қолайсыздығынан өздері қорғанатын жануарларды қалай атаймыз? Жабайы аң-құстар деп атаймыз Олар қайда тұрады? Орманда. Солтүстікте. Ыстық елдерде тұрады. Адамдар қайда тұрады? Біз үйде тұрамыз. Балалар, қандай жабайы жануарларды білесіңдер?	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Мынау - қар» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ң дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. **Амандасу** Ал, қане, балалар! Қане, маған қараңдар! Ал, қане, балалар! Амандасып алайық. Сәлем, сәлем, балақай! Сәлеметсіз бе, апай?! Сәлем, сәлем, балақай! Қол соғайық, алақай. Қазір қай мезгіл? Қыс мезгілі. **Тыңда, қайтала. Суретпен жұмыс** ҚЫС КЕЛДІ (бәрі бірге қайталайды)	**<u>Мектепалды тобы</u>** Тақырыбы: «Қыстық киімдер» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір қыс мезгілі. Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс мезгілінде үш ай бар. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Далада не жатыр? Далада қар жатыр Қардың түсі қандай? Қар аппақ. Ауа райы қандай? КҮН АЯЗ. КҮН СУЫҚ. Қыс келгенде адамдардың өмір сүру

	Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі жабайы жануарлардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. **Суретпен жұмыс «Тыңда, қайтала»** Мынау – аю. Мынау – түү-үлкі. Мынау – қ-қ-қасқыр. Мынау – қ-қ-қоян. Мынау - кірпі **Тапсырма орындау** (топтық және өздік жұмыс): **Дидактикалық ойын «Бұл жабайы орман жануарлары»** (суреттермен жұмыс) **Бейнежазба көру «Жабайы аңдар»** **«Көлеңкесін тап» ойыны** Балалар суретте бейнелеген жануарларды басқа жануарлар көлеңкесінен ажыратады, беттестіреді, атайды. **Сұраққа жауап бер «Сен нені көрдің?»** Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім.	Қыс мезгілі келгенін қайдан білеміз? (Что можно наблюдать с наступлением зимы?) ҚАР ЖАУДЫ (бәрі бірге қайталайды). Қыста ауа райы қандай? (Какая погода зимой? Зимние изменение в природе?) КҮН АЯЗ (бәрі бірге қайталайды). КҮН СУЫҚ (бәрі бірге қайталайды). Қыста түн ұзақ. Қыста күн қысқа. **Тілдік жаттығу** Ыс-ыс-ыс келді қыс. Ар-ар-ар жауды аппақ қар. Яз-яз-яз күн аяз. Ық-ық-ық күн суық. Ұз-ұз-ұз жерде мұз. **Есте сақта!** Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. **Жұмбақ шешейік!** Қыста ғана болады. Ұстасаң қолың тоңады (қар) Бывает только зимой, когда держишь его, мерзнут руки (Снег). Қар — атмосферадан түсетін әр түрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын. (Мелкие и хрупкие	жағдайы қалай өзгереді? (Как изменится жизнь людей когда приходит зима?) Адамдар жылы киінеді. Ия, балалар, біз бүгін қыстық киімдердің қазақша атауларын үйренеміз. **Тыңда, қайтала.** **Суретпен жұмыс** Құлақшын, күрте, қолғап, етік, пима. **«Біреу және көп» ойыны** Міндеті: зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру Құлақшындар, күртелер, қолғаптар, етіктер, пималар **Түстерді еске түсірейік!** «Түстер» додекаэдр әдісі бойынша қайталау **«Құлақшынды түсіне қарай ата» ойыны** Міндеті: сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету Қызыл құлақшын Көк құлақшын Жасыл құлақшын

	Үлгі бойынша айт Мен қоянды көрдім. Ол кішкентай. Оның түсі ақ. **Қимылды әрекет** **Зообақ** Зообаққа барамыз ақ аю сияқты жүземіз, Зообаққа барамыз ақ аю сияқты жүземіз, Жүземіз, жүземіз, жүземіз. Зообаққа барамыз жануарлар сияқты билейміз, Зообаққа барамыз жануарлар сияқты билейміз. **Қорытынды:** жабайы жануарлардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.	кристаллы заледеневшей воды – это снег). Қардың түрі өте көп. Қардың түсі қандай? Қар ақ, аппақ **Тақпақ жаттайық** Аппақ, аппақ, жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман қар жамылған Маужырайды түнгі аспан. **Дидактикалық ойын**: **«Аққала құрастыру».** Шарты: үстел үстінде аққаланың бөлшектерінен құрастыру. Балалар, аққаланың көздері неден жасалған? Қара көмірден. Мұрны неден? Мұрны сәбізден. **Ән тыңдайық! «Аққала»** **Қорытынды:** Қыс мезгіліне байланысты сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	Қоңыр құлақшын **Есте сақта!** **Кигіземіз – одеваем** **«Қуыршақты киіндір» ойыны** Мұғалім: Балалар, Маша қуыршағы далаға шыққысы келеді. Дала суық. Ол қалай киінетінін білмейді, сендер көмектесесіңдер ме? Басына құлақшын кигіземіз. Үстіне күртеше кигіземіз. Қолына қолғап кигіземіз. Оң аяғына етік, сол аяғына етік кигіземіз. **Қимылды әрекет** **Киіну** Аяққиіміңді ки, аяққа ки, аяққа ки, Аяққиіміңді ки, аяққа ки, аяққа ки. Аяққиіміңді ки, сыртқа кеттік, Тезірек, тезірек, тез, тезірек. **Қорытынды:** Қыстық киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Сұраққа жауап бер** **«Сен нені көрдің?»** Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Жұмбақ шешейік!** Қыста ғана болады. Ұстасаң қолың тоңады (қар) Бывает только зимой, когда держишь его, мерзнут руки (Снег).	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Түстерді еске түсірейік!** «Түстер» додекаэдр әдісі бойынша қайталау

Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
Мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 09.01 – 15.01. 2023 жыл (2-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **10.01**	**Сейсенбі** **10.01**	**Бейсенбі** **12.01**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		

Сөздік минимум	Қой, ешкі, сиыр, жылқы, мысық, ит	Аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, жылан, жолбарыс, керік, кірпі.	Нені?, көрдім. Мен аюды көрдім. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр.
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** Тақырыбы: «Үй жануарлары» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, біз қайда тұрамыз? Біз үйде тұрамыз. Үй жануарларының дыбыстарын тыңдау (аудио жазба) Балалар, бұл ненің дыбысы? Үй жануарларының дыбысы. Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі үй жануарларының атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. **Топпен жұмыс** (хормен және жеке бірнеше рет	**<u>Мектепалды тобы</u>** **Тақырыбы:** **«Жабайы аңдар»** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жабайы жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, табиғатта қажет тамақтарын тауып, өздерін өздері асырайтын, жаулары мен ауа райы қолайсыздығынан өздері қорғанатын жануарларды қалай атаймыз? Жабайы аң-құстар деп атаймыз Олар қайда тұрады? Орманда.	**<u>Мектепалды тобы</u>** **Тақырыбы: «Аю қандай?»** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жабайы жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. **Есте сақтайық!** **Мен** **Көрдім** Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім. Мен арыстанды көрдім. Мен пілді көрдім. **Сұраққа жауап бер**

	қайталау): Мынау – жылқы, жыл – қ-қ-қ-қ-қ-қы. Мынау – сиыр. Мынау – қой, қ-қ-қ-қ-қой. Мынау – ешкі, еш – кі-і-і-і-і-і. Мынау – мысық, мысық-қ-қ-қ-қ. Мынау – ит. **Тапсырма орындау** (топтық және өздік жұмыс): Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс) Дидактикалық ойын «Біреу және көп» Жылқы – жылқылар. Сиыр – сиырлар. Қой – қойлар. Ешкі – ешкілер. Мысық – мысықтар. Ит – иттер. **Қимылды әрекет:** **Фермада** Қарт Макдональд фермасы Иа-иа-иоу, Сол фермада бар сиыры Иа-иа-иоу. Сиыр қандай дыбыс шығарады? Мө-мө, мө-мө. Қарт Макдональд фермасы.	Солтүстікте. Ыстық елдерде тұрады. Адамдар қайда тұрады? Біз үйде тұрамыз. Балалар, қандай жабайы жануарларды білесіңдер? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі жабайы жануарлардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. **Суретпен жұмыс** **«Тыңда, қайтала»** (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – аю. Мынау – түү-үлкі. Мынау – қ-қ-қасқыр. Мынау – қ-қ-қоян. Мынау – кірпі-і-і. Мынау – арыстан. Мынау – жолбарыс. Мынау – піл. Мынау – керік. **Тапсырма орындау** (топтық және өздік жұмыс): **Дидактикалық ойын «Бұл жабайы орман жануарлары»** **«Бұл ыстық елдің жабайы жануарлары»** (суреттермен жұмыс) **Бейнежазба көру** **«Жабайы аңдар»** **«Көлеңкесін тап» ойыны** Балалар суретте	**«Сен нені көрдің?»** Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім. Мен арыстанды көрдім. Мен пілді көрдім. **Үлгі бойынша айт** Мынау – қоян. Ол кішкентай. Оның түсі ақ. Мынау – аю. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр. Мынау – түлкі. Ол кішкентай. Оның түсі қызғылт сары. **Қимылды әрекет** **Зообақ** Зообаққа барамыз піл сияқты маң-маң басып, Зообаққа барамыз піл сияқты маң-маң басып. Маң-маңдаймыз, маң-маңдаймыз. **Қорытынды:** Аңдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.

	Қорытынды: үй жануарларының қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.	бейнелеген жануарларды басқа жануарлар көлеңкесінен ажыратады, беттестіреді, атайды. **Жаттап ал** Мынау – керік, Мынау – піл. Неше керік, Неше піл? Мынау – түлкі, Мынау – кірпі. Неше түлкі, Неше кірпі? (Ә.Шапағат) **Қорытынды:** Аңдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Дидактикалық ойын** «Біреу және көп» Жылқы – жылқылар. Сиыр – сиырлар. Қой – қойлар. Ешкі – ешкілер. Мысық – мысықтар. Ит – иттер.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Жаттап ал** Мынау – керік, Мынау – піл. Неше керік, Неше піл? Мынау – түлкі, Мынау – кірпі. Неше түлкі, Неше кірпі? (Ә.Шапағат)	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Үлгі бойынша айт** Мынау – қоян. Ол кішкентай. Оның түсі ақ. Мынау – аю. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр. Мынау – түлкі. Ол кішкентай. Оның түсі қызғылт сары.

Топтар:
«Гномики» ересек тобы
Мектепалды тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды: 16.01 – 21.01. 2023 жыл (3-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **17.01**	**Сейсенбі** **17.01**	**Бейсенбі** **19.01**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Қозы, лақ, бұзау, құлын, марғау, күшік.	Қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе, мысық, ит	Қозы, лақ, бұзау, құлын, бота, марғау, күшік.
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**Ересек топ** Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, қараңдаршы қандай кішкентай лақ. Оның анасы қайда, ол әлі кішкентай ғой? Келіңдер, балалар, бәріміз бірге лақтың анасын табайық. Әр төлдің өз анасы бар, әр үй жануарының өз	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы:** **«Үй жануарлары»** **Міндеттері:** сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; үй жануарларының атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; үй жануарларының дыбыстауын білдіретін сөздерді айта білуге үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану; үй жануарларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы: Үй жануарлары және оның төлдері** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; зат есімдердің жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; үй жануарлары төлдерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, қараңдаршы қандай

	құра білуге үйрету. Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз. Балабақшада таңғы асқа не жейміз? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. Тағы қандай ыдыстарды білесіңдер? Біз бүгін ыдыстарды қазақша атаймыз және оларды есте сақтаймыз. **Суреттермен жұмыс «Қара да айт. Мынау не?»** Мынау – кесе. Мынау - тәрелке. Мынау – қасық. Мынау – шанышқы. Мынау – пышақ. Мынау – шәйнек. **Бейнежазба көру «Машаның шәйнектері»** Балалар Машамен бірге түстерді қайталайды, содан кейін шәйнектің түстерін атайды.	және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету Жұмбақ шешейік Құстай ұшар, Қанатты тұлпар. (Ұшақ.) - Дұрыс айтасыңдар! Ұшақ қандай дыбыстан басталып тұр? - Ұ дыбысынан. - Ұ дыбысын барлығымыз айтып көрейікші. - Ұ-ұ-ұ-ұ-ұ. Ұ-ұ-ұ-ұ-ұ. - Ұ дыбысы қандай дыбыс деп ойлайсыңдар? - Дауысты дыбыс. - Қайдан білдік? - Себебі, ол дауыс кедергісіне ұшырамай, созылып айтылып тұр. - Енді дыбыстың айтылуына мән беріңдер. Ұ - ұ - ұ. Қалай дыбысталып тұр? - Дыбыс созылып, әндетіліп айтылса, ол қандай дыбыс болғаны? - Ұ - жуан дауысты дыбыс. Ол сөздің басында, ортасында кездеседі. Сөз соңында кездеспейді.	дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; домбыра атауын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. - Балалар, домбыраның не екенін білесіңдер ме? Ал ұлттық аспап дегеніміз не? Сендер домбыраны көрдіңдер ме? Үйлеріңде домбыра бар ма? - Мына суретке қарайықшы, домбыра ағаштан жасалады, қос ішекті болады. Домбыраны көрген адамдар қазақтың аспабы екенін біледі. - Балалар, осындай аспабымызға мерекелік көңіл-

	Дидактикалық ойын: «Үлкен-кішкентай» Балалар «Үлкен кесе», «кішкентай кесе» деп байланыстырып сөйлеуін дамытады. **Бейнежазба көру «Сыңарын тап»** **Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап»** Балалар ыдыстар мен тағамдардың қазақша атауын айтып, алған білімдерін бекітеді. **«Не өзгерді?» ойыны** Педагог балалардың алдына бірнеше ыдыс-аяқ түрін қояды. Балалар қойылған ыдыстарға мұқият қарайды. Педагог балалардың теріс қарауларын өтінеді. Осы кезде педагог ыдыстардың орнын ауыстырады. Балалар қайтадан ыдыстарға қарайды, қай ыдыстың орны ауысқанын табады. **Жаңылтпаш жаттау** Шеше, шеше, Неше кесе, Сынды кеше? **Қимылды әрекет:** «Кесемен шай ішу» Аққұманды аламыз, Ішіне шай саламыз.	Барлық балалар Ұ ұ әрпін ауада жазады. - Балалар, мен жұмбақ жасырамын. Сендер жұмбақтың шешуіндегі сөздің қай дыбыстан басталып тұрғанына назар аударыңдар. Құстардың панасы, Ағашта ол тұрады. (Ұя.) **Жаңылтпаш жаттау.** Тұз – мұздай Мұз – тұздай Талап – тұлпар Білім – сұңқар. **Сергіту сәті.** Қақпаға туралап, Ұр допты оң аяқ. Қақпаға туралап, Ұр допты сол аяқ. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. **«Ұшты, ұшты» ойыны.** Ұшты, ұшты! Қарға ұшты! (Балалар қарға сияқты ұшады) Ұшты, ұшты! Етік ұшты! (Қолдарын көтеріп ұшпақ болған бала айыбын өтейді.) **«Кім зейінді?» ойыны.** Мақсаты. Еске сақтау,	күйімізді білдірейік: - Күмбірлеп күймен (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Билейік бимен (балалар қолдарын жандарына созады), - Шырқатып әнмен (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Жүрейік таңмен (балалар құшақтарын жаяды). - Көненің көзі (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Қазақтың өзі (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Қасиетті сөзі (балалар қолдарын жоғары көтереді), - Сөйле, домбыра! (балалар иіліп тәжім жасайды). **Суретпен жұмыс** - Балалар, суретте не бейнеленген? Киіз үй. - Тағы кімдерді көріп тұрсыңдар? Домбыра тартып отырған баланы. - Балалар, суретте

	Суды құйып толтыра, Шайды демдеп аламыз. Кесе, қасық аламыз, Шайға қант саламыз Араластыра жайменен Шайды ішіп аламыз **Қорытындылау:** Ыдыстардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	ойлау және елестету элементтері дамыту. Ойынның шарты: әртүрлі буындардың ішінен [ұ] дыбысын естігенде қолын көтеріп, буынды қайталау керек. Буындар: үш, ұш, үз, ұз. **«Кім тез?» ойыны.** Педагог: - Балалар, мен сендерге [ұ] дыбысынан басталатын сөздерді айтамын. - Ұ дыбысынан келетін сөзді естісеңдер, қолдарыңды шапалақтаңдар. Сөздер: ұлу, ұшқыш **«Кім тапқыр?»** Ойынның шарты. Балаларға [ұ] дыбысына қатысты суреттер көрсетіледі. Сол көрсетілген суреттердің атын атап, буынға бөліп және сөздегі орнын тауып белгілейміз. **Тіл ұстарту жаттығулары.** Ұш - ұш - ұш. Ұш - қыш. Тұз - мұздай Мұз - тұздай. Талап - тұлпар, Білім - сұңқар. Құ - лан, құ - лақ, қол - ғап.	тағы не бейнеленген? Балалар ойланбай «Киіз үй» деп жауап береді. - Суретте тағы нені көріп тұрсыңдар? Жылқыны. Керемет. - Балалар, домбыра керемет аспап, солай ма? Иә. - Домбыра неше шекті? Екі шекті. - Олай болса, балалар, домбыраға арналған әдемі музыка бар, естіп көрейікші? Халық әні «Домбыра» әні. Әуенін жазған халық. - Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз Тыңда. Қайтала Менде домбыра бар. Мен домбыра таратамын Сұраққа жауап бер

		Ұс-ұс-ұс. Қарлығаш - киелі құс. Ұн, ұш - қыш, ұ - лу. Ұт, ұр - шық, ұ - шақ Ұш, Нұр - лан, ұ - сақ. Ұт, Ақ - нұр, Ұ - лан. Ұ- жуан дауысты дыбыс. Өз алдына буын құрай алады. Сөздің басында, ортасында кездеседі. Сөздің аяғында кездеспейді. **Саусақ жатығуы.** **М. Әлімбаев «Он саусақ».** Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті. Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ ... **Сөздерді дұрыс оқы.** Дауыстап оқу. Ұя, ұшқыш Ақырын оқу. Ұя, ұшқыш Сыбырлап оқу. Ұя, ұшқыш **ҚОРЫТЫНДЫ** - [ұ] қандай дыбыс? (дауысты дыбыс) - [ұ] дауысты дыбыс, оның	Сен домбыра тартасың ба? Ия, мен домбыра тартамын. Жоқ, мен домбыра тартпаймын. Үлгі бойынша сөйлес. Мынау не? Бұл – домбыра. Сенде домбыра бар ма? Жоқ, менде домбыра жоқ. **ҚОРЫТЫНДЫ** - Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? «Домбыра» әнін. - Балалар, домбыра қандай аспап? Ұлттық аспап. - Домбыраның неше шегі бар? Екі. - Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Сау болыңдар!

		ішінде? (жуан дыбыс) - Әндетіле ме, созыла ма? - Ұ сөздің қай бөлігінде кездеседі?	
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Жаңылтпаш жаттау** Шеше, шеше, Неше кесе, Сынды кеше?	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Саусақ жатығуы.** Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті. Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ ...	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Кел, жаттайық!** Күмбірлеп күймен, Билейік бимен, Шырқатып әнмен, Жүрейік таңмен. Көненің көзі, Қазақтың өзі, Қасиетті сөзі, Сөйле, домбыра!

Топтар:

«Гномики» ересек тобы

мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 6.03 – 11.03. 2023 жыл (2-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **7.03**	**Сейсенбі** **7.03**	**Бейсенбі** **9.03**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Киімдер», «Көктем»		
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Шалбар, көйлек, жейде, жемпір	Үш, күн, үй	Қазір көктем мезгілі Көктем айлары: наурыз,

			сәуір, мамыр Ауа райы құбылыстары: жаңбыр, қар, жел, суық
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**Ересек топ** **Тақырыбы: «Киімдер»** Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Бейнежазба «Жұмбақ жасыру»** Біз бүгін киімдердің қазақша атауларын үйренеміз. **Бейнежазба көру «Киімдер»** **Топпен жұмыс «Тыңда және қайтала»** Мынау не? Мынау – шалбар. Мынау – көйлек. Мынау – жейде. Мынау – жемпір. **Дидактикалық ойын «Не артық?»** Балалар диалогке қатысып, сұраққа жауап беруге дағдыланады **Дидактикалық ойын «Не жоқ?»**	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы: «Ү дыбысы»** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және есте сақтауға, ол сөздерді қолдана білуге; қазақ тіліне тән ү дыбысын айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету **Кім, тапқыр?** Үйрек десе бірінші, Бүйрек десе екінші. Бұл қайсы дыбыс екенін, Біреу айтып берсінші. **Ү дыбысы** Ү – қазақ тіліне тән дыбыс. Ү дыбысымен әндетуге болады. Ү-ү-ү-ү, ү-ү-ү-ү **Сұрақ-жауап** Кім? Үсен Не? Үй, үкі, күш, күн, түн,	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы: «Көктем»** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; көктем мезгіліне байланысты атауларды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. **Жұмбақ жасыру.** Қар мұз еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? (Көктемде) **Бейнежазба көру «Көктем ерекшеліктері»** **Суреттермен жұмыс**

	Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуге және ол сөздерді қолдануға үйренеді. **Қимылды әрекет:** **Киінуге үйрену** Аяққиіміңді ки, аяққа ки, аяққа ки, Аяққиіміңді ки, аяққа ки, аяққа ки. Аяққиіміңді ки, сыртқа кеттік, Тезірек, тезірек, тез, тезірек. **«Не екенін айтпаймыз. Көрсетеміз».** - Мен киімді көрсетемін, ал сендер оны атап, сол киімді, қалай киетінін көрсетесіңдер. (шалбарды киюді көрсету) - Балалар, біз нені кидік? (Шалбарды кидік.) (көйлек киюді көрсету) - Балалар, біз нені кидік? (Көйлекті кидік.) (жейдені киюді көрсету, байлау) - Балалар, біз нені кидік? (Жейдені кидік.) - Балалар, біз нені кидік? (Жемпірді кидік.) - Міне, балалар, біз киіндік **Қорытындылау:**	күз, гүл Неше? Үш, жүз Қандай? Күндей Шарты: балалар ү дыбысы бар сөздерді қайталайды және оған сұрақ қояды **Мақал тыңдайық** Мақалды тыңда, мағынасын біліп ал. Түйе түлік төресі. **Жұмбақ шешейік** Бір кітаптың парағы Күнде азайып барады (күнтізбе) **Ұқсас сөздер** Түлкі – күлкі Күрек –жүрек **Салыстырайық** Құн – күн Тұз – түз Сұр – сүр Тұр – түр **Суретпен жұмыс** Күшік не істейді? (үреді). Күркетауық не істейді? (күркілдейді). **Рефлексия** «Бас бармақ» әдісі Бүгінгі тақырыпты еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	**«Қай мезгіл?»** Қазір кө-ө-ө-өктем мезгілі. Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді. Құстар ұшып келеді. Бәйшешек гүлдейді. **Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»** **Қимылды әрекет:** **Күн райы** Күн райы, күн райы, қандай екен бүгін? Күн ашық па, жаңбырлы ма, Бұлттар төнді ме, қарлы ма, Күн райы қандай? **Қорытынды:** **Лэпбук «Көктем»** Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.

	Киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.		
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Дидактикалық ойын** **«Не жоқ?»** Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуге және ол сөздерді қолдануға үйренеді.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Сұрақ-жауап** Кім? Үсен Не? Үй, үкі, күш, күн, түн, күз, гүл Неше? Үш, жүз Қандай? Күндей Шарты: балалар ү дыбысы бар сөздерді қайталайды және оған сұрақ қояды	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Суреттермен жұмыс** **«Қай мезгіл?»** Қазір кө-ө-ө-өктем мезгілі. Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді. Құстар ұшып келеді. Бәйшешек гүлдейді.

Топтар:

«Гномики» ересек тобы

Мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 13.03 – 18.03. 2023 жыл (3-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **14.03**	**Сейсенбі** **14.03**	**Бейсенбі** **16.03**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Наурыз», «Көктем»		
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		

Сөздік минимум	Наурызда киіз үй құрады. Киіз үй, кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық, сандық, кілем	Наурызда киіз үй құрады. Киіз үй, кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық, сандық, кілем	Су, ет, арпа, тары, күріш, сүт, тұз
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**Ересек топ** **Тақырыбы:** **«Наурыз мерекесі»** Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, қазір қай жыл мезгілі? Қазір көктем мезгілі. Көктемде қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді. Қызғалдақтар гүлдейді. Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Наурыз мерекесін. Наурыз – көктемгі Жаңа жыл. Бұл көне және әдемі мереке. Бұл мерекені адамдар қалай тойлайды? Наурыз мерекесінде киіз үйлер тігіледі. **Бейнежазба көру** **«Киіз үй құру»** **Суреттермен жұмыс** **«Киіз үй»**	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы:** **«Наурыз мерекесі»** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; наурыз мерекесіне байланысты атауларды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, қазір қай жыл мезгілі? Қазір көктем мезгілі. Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді.	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы:** **«Наурызкөже»** **Міндеттері:** қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; наурыз мерекесіне байланысты атауларды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. – Дұрыс. – Оны қайдан білдіңдер? Күн жылынды, қар еріді. – Жарайсыңдар! – Табиғатта тағы қандай өзгерістерді байқадыңдар? – Жылы жақтан құстар

	Енді киіз үй сүйектерін есте сақтайық. Мынау – киіз үй. Мынау – шаңырақ . Мынау – уық. Мынау – кереге. Мынау – сықырлауық. Бұл күні наурызкөже дайындайды, ұлттық киім киеді, ұлттық ойын ойнайды. **Ұлттық ойын:** **«Тақия тастамақ»** Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. **Ойын сөздері:** Бір ойым бар, бір ойын	Көктемде ағаштар бүршік атады. Қызғалдақтар гүлдейді. Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Наурыз мерекесін. Наурыз – көктемгі Жаңа жыл. Бұл көне және әдемі мереке. Бұл мерекені адамдар қалай тойлайды? Наурыз мерекесінде киіз үйлер тігіледі. **Бейнежазба көру** **«Киіз үй құру»** **Суреттермен жұмыс** **«Киіз үй»** Енді киіз үй сүйектерін есте сақтайық. Мынау – киіз үй. Мынау – шаңырақ . Мынау – уық. Мынау – кереге. Мынау – сықырлауық. Бұл күні наурызкөже дайындайды, ұлттық киім киеді, ұлттық ойын ойнайды. **Ұлттық ойын:** **«Тақия тастамақ»** Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен	ұшып келді, ағаштар бүршік атты. – Көктем мезгілінде қандай мерекелер болады? Аналар мерекесі, Наурыз мерекесі. – Жарайсыңдар! – Наурыз мерекесі туралы не білеміз? – Наурыз мейрамында адамдар бір-біріне жылы тілектер айтады. – Наурыз мейрамында халық не істейді? – Халық дастарқан жайып, бір-бірін қонаққа шақырады. – Дастарқанға не қояды? – Дастарқанға наурызкөже пісіріп қояды. Бауырсақ пен шелпек, құрт, талқан қояды. – Жарайсыңдар, балалар! Қазір ауылдағы Еркежан әжеге қонаққа барайық. Әжені мерекемен құттықтайық. Ауылға атқа мініп барайық. (Ойыншық атқа орындықтардан арба жасап қояды. «Тұлпарым» әні қосылады. Педагог балалармен бірге әуенге ілесіп, бір шумағы мен қайырмасын айтады.)

	бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! **Тақпақ жаттау** Наурыз тойы — тамаша, Наурыз тойы — жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса. **Қорытынды** **Лэпбук «Киіз үй»** Киіз үй сүйектері атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. **Ойын сөздері:** Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! **Бейнежазба көру «Қыз қуу»** **Тақпақ жаттау** Наурыз тойы — тамаша, Наурыз тойы — жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса. **Қорытынды** **Лэпбук «Киіз үй»** Киіз үй сүйектері атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	**Ауылға келеді** – Балалар, әжемізбен амандасайық. Балалар: – Сәлеметсіз бе! Әже: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Әже Наурыз мейрамында қандай тағамдар дайындағанын және дастарқанды қалай әзірлейтіні жайлы айтады. Еркежан әже: – Мен қонақтарға арнап ет пен қазы, шұжық асып қойдым. Дастарқанға май, қаймақ, құрт, бауырсақ, жент, қатық қойдым. Ал, Наурызкөжені сендер келгенде бірге дайындайық деп күттім. Маған көмектесесіңдер ме, балалар? – Иә. – Наурызкөжеге не салу керектігін білгілерің келе ме? – Иә. – Менің жұмбақтарымды шешсеңдер, не салу керектігін білетін боласыңдар. **Жұмбақ жасыру.** Өзі ащы, Бірақ, Дәмді етер асты. (Тұз.)

			Сылдыр сұйық, ағады, Ақ болса да қар емес, Шешуін кім табады? (Сүт.) Шиге жайып кептірген, Өзі қышқыл, түсі ақ, Сорсаң дәмді, түсі ақ, Жаңғақтай - ақ домалақ. (Құрт.) Аспан түстес сұйық, Әркім ішер құйып. (Су.) Жесең тісіңе кіреді, Жемесең түсіңе кіреді. Өзін жейсің, сорпасын ішесің. (Ет.) – Жарайсыңдар! Міне, балалар, көжеміз де дайын болды. Наурызкөжені жақсы тілектер айтып, асықпай ішу керек. **Суреттермен жұмыс «Наурызкөже құрамы»** Наурызкөже құрамын есте сақтайық. Оған 7 тағам қосылады. 7 саны киелі сан. Мынау – су. Мынау – сүт. Мынау – ет. Мынау – күріш. Мынау – арпа. Мынау – тары. Мынау – тұз. Мынау – тостаған. Наурызкөже осындай тостағандарға құйып берген.

			Бата жаттау Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын. Қайда барса жол болсын! Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын! **Қорытынды:** **Лэпбук «Киіз үйдегі дастарқан»** Наурызкөже құрамындағы атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Лэпбук «Киіз үй»** Киіз үй сүйектері атауларын еске түсіру	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Ойын сөзін жаттайық!** Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ!	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Сергіту сәті** Қане, қане, тұрыңдар, Үлкен шеңбер құрыңдар. Қолдарыңмен көк тіреп, Киіз үйді құрыңдар.

Топтар:

«Гномики» ересек тобы

Мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 27.03 – 31.03. 2023 жыл (4-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **27.03**		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Көктем»		
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Қазір көктем мезгілі жаңбыр, қар, жел, суық		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** **Тақырыбы:** **«Көктем»** Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Жұмбақ жасыру.** Қар мұз еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады?		

	(Көктемде) **Бейнежазба көру «Көктем ерекшеліктері»** **Суреттермен жұмыс «Қай мезгіл?»** Қазір кө-ө-ө-өктем мезгілі. Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді. Құстар ұшып келеді. Бәйшешек гүлдейді. **Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?»** **Қимылды әрекет:** **Күн райы** Күн райы, күн райы, қандай екен бүгін? Күн ашық па, жаңбырлы ма, Бұлттар төнді ме, қарлы ма, Күн райы қандай? **Қорытынды:** **Лэпбук «Көктем»** Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.		

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Лэпбук «Көктем»** Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіру		

Топтар:

«Гномики» ересек тобы

Мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 3.04 – 07.04. 2023 жыл (1-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **04.04**	**сейсенбі** **04.04**	**Бейсенбі** **05.04**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Тағамдар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Шай, сүт, айран, шырын, су. Іш, ішемін, ішпеймін. Сен су ішесің бе?	Шырын, нан, шай, май, сүт, кәмпит, балмұздақ. Мен шырын аламын. Мен балмұздақ аламын.	Іш, ішемін, ішпеймін. Сен су ішесің бе?
Кестеге сәйкес	**<u>Ересек топ</u>**	**<u>Мектепалды тобы</u>**	**<u>Мектепалды тобы</u>**

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**Тақырыбы:** **«Мен шырын ішемін»** Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз. Балабақшада таңғы асқа не жедіңдер? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесетін боламыз. **Мақал-мәтел жаттау** «Ас адамға әл береді» «Шын көңілмен берілсе, қара су да ас болар» **Тыңда, қайтала** - Мынау - шай - Мынау - сүт - Мынау - су - Мынау - шырын **Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр** Балалар естіген сөздерін (мысалы: шырын, сүт, су, айран) ұяшыққа	**Тақырыбы:** **«Сен не аласың?»** **Міндеттері:** тағам атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және айта білуге үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз. Балабақшада таңғы асқа не жедіңдер? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесетін боламыз. **Мақал-мәтел жаттау** «Ас адамға әл береді» «Шын көңілмен берілсе, қара су да ас болар» **Тыңда, қайтала** - Мынау - нан - Мынау - шай - Мынау - май	**Тақырыбы:** **«Мен шырын ішемін»** **Міндеттері:** тағам атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және айта білуге үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесуді жалғастырамыз. **Тыңда, қайтала** - Мынау - шай - Мынау - сүт - Мынау - су - Мынау - шырын **Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр** Балалар естіген сөздерін (мысалы: шырын, сүт, су, айран) ұяшыққа ретімен орналастырады. **Есте сақтайық!** **Ішемін – пью** Мынау – су. Мен су ішемін. Мынау – шай.

	ретімен орналастырады. **Есте сақтайық!** **Ішемін – пью** Мынау – су. Мен су ішемін. Мынау – шай. Мен шай ішемін. **Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр** Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен орналастырады. **Сұраққа жауап бер** Сен не ішесің? Мен шай ішемін. Мен сүт ішемін. Мен шырын ішемін. Мен су ішемін. **Мен бастаймын, сен аяқта** Мен ... (шай ішемін). Мен ... (сүт ішемін). Мен ... (шырын ішемін). Мен ... (су ішемін). **Тақпақ жаттау** «Ағарған» деп,	- Мынау - сүт - Мынау - кәмпит - Мынау - балмұздақ - Мынау – шырын **Есте сақтайық!** **Аламын - возьму** **Сұраққа жауап бер** Сен не аласың? Мен нан аламын. Мен шай аламын. Мен май аламын. Мен сүт аламын. Мен кәмпит аламын. Мен балмұздақ аламын. Мен шырын аламын. **Суретпен жұмыс** **«Үстелде не бар?»** Үстелде сүт, шырын, кәмпит бар. Үстелде нан, май, балмұздақ бар. **Үлгі бойынша сөйлес** - Сен қайда барасың? - Мен дүкенге барамын. - Сен не аласың? - Мен нан аламын. **Мен бастаймын, сен аяқта** Мен ... (нан аламын). Мен ... (шай аламын). Мен ... (май аламын). Мен ... (сүт аламын). Мен ... (кәмпит аламын).	Мен шай ішемін. **Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр** Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен орналастырады. **Сұраққа жауап бер** Сен не ішесің? Мен шай ішемін. Мен сүт ішемін. Мен шырын ішемін. Мен су ішемін. **Мен бастаймын, сен аяқта** Мен ... (шай ішемін). Мен ... (сүт ішемін). Мен ... (шырын ішемін). Мен ... (су ішемін). **Тақпақ жаттау** Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. **Сергіту сәті:** **«Дәмді және дәмсіз»** **Қорытынды:** Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды

	«ақ дәм» деп, Аналар төгіп- шашпайды. Сүт төгілсе «обал» деп, Аяғымен баспайды. **Сергіту сәті:** **«Дәмді және дәмсіз»** **Қорытынды:** Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	Мен ... (балмұздақ аламын). Мен ... (шырын аламын). **Тақпақ жаттау** Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. **Сергіту сәті:** **«Дәмді және дәмсіз»** **Қорытынды:** Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	мақтайды.
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Тақпақ жаттау** «Ағарған» деп, «ақ дәм» деп, Аналар төгіп- шашпайды. Сүт төгілсе «обал» деп, Аяғымен баспайды.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Мен бастаймын, сен аяқта** Мен ... (нан аламын). Мен ... (шай аламын). Мен ... (май аламын). Мен ... (сүт аламын). Мен ... (кәмпит аламын). Мен ... (балмұздақ аламын). Мен ... (шырын аламын).	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр** Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен орналастырады.

Топтар:

№1 «Гномики» ересек тобы

Мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 10.04 – 14.04. 2023жыл (2-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **11.04**	**Сейсенбі** **11.04**	**Бейсенбі** **13.04**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жемістер» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.	Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.	Тамақ ішемін. Ас болсын!
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**Ересек топ** **Тақырыбы:** **«**Мен алма жеймін**»** **Міндеттері:** қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Амандасу,** **шаттық шеңбері** Балалар, ағаштарда не өседі.	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы:** «Мен алма жеймін» **Міндеттері:** балаларды жеміс атауларымен таныстыру (алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім); «Мен … жеймін» сөйлем құрылымын үйрету; баланың сөздік қорын кеңейтіп, тілдік қарым-қатынасқа тарту. **Амандасу,** **шаттық шеңбері** Балалар, ағаштарда не	**Мектепалды тобы** **Тақырыбы:** «Мен тамақ ішемін» **Міндеттері:** тамақ және ішетін сусын атауларымен бекіту; «Мен тамақ ішемін», «Ас болсын!» сөйлемдерін қолдануға үйрету; сөздік қорын молайтып, қарапайым сөйлеу дағдыларын дамыту. **Шаттық шеңбері** Педагог тағамдардың суреттерін көрсетеді, ал балалар естеріне түсіреді

	Жемістер. Қандай жемістерді жақсы көресіңдер? Жемістерден не жасайды? Жемістер өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біз бүгін жемістердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. **Бейнежазба көру «Жемістер»** Жаңа сөздермен таныстыру Суреттер арқылы таныстыру – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталайды. Сөйлем құрау үлгісі Педагог көрсетіп тұрып, айтады: – Мен алма жеймін. – Мен шие жеймін. – Мен өрік жеймін. – Мен алмұрт жеймін. – Мен жүзім жеймін. Балалар сөйлемдерді қайталап айтады. **Ойын: «Кім не жейді?»** Педагог себетке	өседі. - Жемістер. - Қандай жемістерді жақсы көресіңдер? - Жемістерден не жасайды? - Жемістер өте дәмді және өте пайдалы. - Ендеше біз бүгін жемістердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. **Бейнежазба көру «Жемістер»** Жаңа сөздермен таныстыру Суреттер арқылы таныстыру – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталайды. Сөйлем құрау үлгісі Педагог көрсетіп тұрып, айтады: – Мен алма жеймін. – Мен шие жеймін. – Мен өрік жеймін. – Мен алмұрт жеймін. – Мен жүзім жеймін. Балалар сөйлемдерді қайталап айтады. **Ойын: «Кім не жейді?»**	де қаазақша атайды. **Есте сақта** Тамақ ішемін. Ас болсын! **Үлгі бойынша айт.** Мен тамақ ішемін Мен ботқа жеймін, сүт ішемін. Мен сорпа ішемін, нан жеймін. Мен шырын ішемін, қияр, қызанақ жеймін. **Сұраққа жауап бер.** Сен тамақ ішесің бе? Ия, мен тамақ ішемін. **Суретпен жұмыс** Сен не жейсің? Сен не ішесің? **Үлгі бойынша сөйлес** Сен не жейсің? Сен не ішесің? Ас болсын! **Рөлдік ойын: «Дастархан басында»** Балалар ойыншық ыдыс-аяқпен дастархан жасап, рөл ойнайды: – Мен сүт ішемін. – Ас болсын! **Сергіту сәті «Ыдысты жуайық»** Суды ашып жайменен, Кесемді мен жуамын. Шайды ішіп болған соң, «Ас болсын!» деп қоямын. **Ойын: «Не жоғалды?»** Мақсаты – сөздерді есте сақтау.

	жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін. – Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды. **Сергіту сәті** «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен. **Қорытынды бөлім** – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қандай жемісті жақсы көресің? – Қане, бәріміз айтайық: Мен алма жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	Педагог себетке жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін. – Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды. **Үлгі бойынша сөйлес.** - Әсет, алма жейсің бе? - Ия, жеймін. - Міне, ал. - Рақмет! **Сергіту сәті** «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен. **Қорытынды бөлім** – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қандай жемісті жақсы көресің? – Қане, бәріміз айтайық: Мен алма жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	**Өтуі:** Педагог үстелге 4 суретті қояды (шырын, сүт, шай, су). Балалар бәрін есіне сақтайды. Біреуін алып тастайды. – Не жоғалды? – Шырын! / Сүт! **Ойын: «Мен не ішемін?»** Мақсаты – логикалық ойлау мен сөйлеу дағдысын дамыту. **Өтуі:** Педагог жұмбақтайды: «Ақ болады, тәтті емес, Бала жақсы көреді!» – Бұл не? – **Сүт!** – Мен сүт ішемін. **Қорытынды бөлім** – Біз қандай сөздер үйрендік? – Сен не ішесің? Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**<u>4 жастағы балалар</u>** **Ойын: «Кім не жейді?»** Педагог себетке жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін. – Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Сергіту сәті** «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен.	**<u>5 жастағы балалар</u>** **Ойын: «Не жоғалды?»** Мақсаты – сөздерді есте сақтау. **Өтуі:** Педагог үстелге 4 суретті қояды (шырын, сүт, шай, су). Балалар бәрін есіне сақтайды. Біреуін алып тастайды. – Не жоғалды? – Шырын! / Сүт!

Топтар:

№1 «Гномики» ересек тобы

мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 17.04 – 21.04. 2023 жыл (3-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **18.04**	**Сейсенбі** **18.04**	**Бейсенбі** **19.04**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ыдыстар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу		
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	қызанақ, сәбіз, қияр, картоп. Мен қияр жеймін.	Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.	Үстелге бес кесе, бес тәрелке, бес қасық, бес шанышқы қоямын.
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі»	**<u>Ересек топ</u>** **Тақырыбы:**	**<u>Мектепалды тобы</u>** **Тақырыбы:**	**<u>Мектепалды тобы</u>** **Тақырыбы:**

ұйымдастырылған іс-әрекеті	**«Мен сәбіз жеймін»** **Міндеттері:** қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Амандасу,** **шаттық шеңбері** Балалар, салатты кім жақсы көреді? Қандай салат түрлерін білесіңдер? Салатты неден жасайды? Көкөністен жасалған салаттар өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біздің тақырыбымыз «көкөністер» деп аталады, бүгін көкөністердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. **Бейнежазба көру «Көкөністер»** **Топпен жұмыс «Қара да ата»** (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Кө-ө-ө-көні-і-істер. Қ-қ-қияр. Қ-қ-қызанақ-ақ-ақ.	**«Мен қасықпен жеймін»** **Міндеттері:** балаларды ыдыс атауларымен таныстыру (қасық, шанышқы); «Мен қасықпен жеймін», «Мен шанышқымен жеймін» сөйлем құрылымын үйрету; баланың сөздік қорын кеңейтіп, тілдік қарым-қатынасқа тарту. **Амандасу,** **шаттық шеңбері** - Балабақшада таңғы асқа не жейміз? - Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. - Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? - Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. - Қасық не үшін қажет? - Қасықты қалай ұстау керек? - Қасықпен не жей аламыз? **Тыңда, қайтала.** - Мынау – қасық. - Мынау – шанышқы. **Есте сақта!** Немен? Қасықпен	**«Дастарқан жай»** **Міндеттері:** ыдыс атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; ыдыстарды жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. **Ғажайып сәт** Балаларға қонаққа Айгөлек қуыршақ келді. Балалар, бүгін бізге қонаққа Айгөлек қуыршақ келді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсің бе, Дана қуыршақ! Қонаққа не береміз? Дұрыс, шай береміз. Шайды беру үшін не керек? Ыдыс-аяқ керек. **Суреттермен жұмыс «Аудармашы»** - Кесе - пиала - Тәрелке - тарелка - Қасық - ложка - Шанышқы - вилка - Пышақ - нож - Шәйнек – чайник **Дидактикалық ойын: «Аз және көп»** Балалар ыдыстарды жекеше және көпше түрде

	Картоп. Пияз. Сә-ә-әбі-і-із, Балалар көкөністердің атауларын білгеннен кейін жеймін деген сөздің мәнін түсіндіреді. **«Жеймін» ойыны.** Педагог сәбіздің муляжын балаларға көрсетеді де «Мен сәбіз жеймін» деп айтады, балалар педагогпен бірге қайталайды. **«Пойыз» ойыны** Міндеті: қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету Шарты: отырған балаларға көкөністердің суреттері таратылады. Баяу әуен ырғағымен балалар суреттерді бір-біріне бере бастайды. Әуен тоқтаған кезде әрбір бала өзіне дәл келген суретке қарап, өзінде қандай көгөніс қалғанын көреді де, «Мен қызанақ жеймін», «Мен картоп жеймін» деп жауап береді. **Саусақ жаттығуы «Көкөністер»** Бір, екі, үш, төрт, бес Көкөністерді санайық	Шанышқымен **Суретпен жұмыс** Мен қасықпен жеймін. Мен шанышқымен жеймін. **Кел сөйлесейік!** Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін. **Жұмбақ шешейік** Аяғы жоқ, басы бар Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолыңа Аузыңа тез асығар. **Қорытынды** – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қане, бәріміз айтайық: Мен ботқаны қасықпен жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	қолдануға дағдыланады. Кесе - кеселер Тәрелке - тәрелкелер Қасық - қасықтар Шанышқы - шанышқылар Пышақ - пышақтар Шәйнек – шәйнектер **Дидактикалық ойын: «Дастарқан жаса»** Балалардың байланыстырып сөйлеуі дамиды Дастарқанға бес қасық қоямын. Дастарқанға бес шанышқы қоямын. Дастарқанға бес пышақ қоямын. Дастарқанға бес кесе қоямын. Дастарқанға бес тәрелке қоямын. **Дидактикалық ойын: «Мына қасық пен кесе кімге?»** Балалар қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады. Мына қасық атама. Мына қасық әжеме. Мынау қасық әкеме. Мына қасық анама. Мына қасық маған. Мына кесе атама. Мына кесе әжеме. Мынау кесе әкеме.

	тез. Бір – картоп, екі – пияз, Үш - қызанақ. Төрт – қызылша, қияр – бес. Санап алдық бәрін біз. **Ән тыңдайық: «Көкөністер әні»** **Қорытынды: «Блум текшесі»** Бала текшені лақтырады да түскен жақтағы көкөністің атауына сай атайды.		Мына кесе анама. Мына кесе маған. **Дидактикалық ойын. «Дастарқан жаямыз».** Балаларға дастарқан жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала педагогтің тапсырмасын орындайды. Дастарқанға қойылған ыдыстар аталып, әрқайсының не үшін қажеттігі анықталады. - Балжан, үстелге дастарқанды жай. Дұрыс. Енді нені қоямыз? Дұрыс, нансалғышқа шелпек пен бауырсақ саламыз. Не істедің? - Ермек, Балжан, бауырсақты қайда саламыз? Нансалғышқа саламыз. Қайтала. Жарайсыңдар! - Дамир, енді не керек? Қантсалғышқа қант саламыз. Асқат, қантты қайда саламыз? Қантсалғышқа саламыз. Жарайсың! - Нұргүл, тәттілер салатын ыдысқа не саламыз? Жарайсың! Конфет саламыз. - Ақбар, дастарқанға тағы нені қоямыз? Сүтқұйғыш қоямыз. - Тағы да не? Дұрыс, шай мен шайнек қоямыз.

			Тамаша! - Ал, енді қонақтарды жаюлы дастарқанға шақырайық. Қош келдіңдер! **«Қонақ күтеміз» сөздік жаттығуы.** Қонақтар келеді. - Ал, қонақтар, мерекелі дастарқаннан дәм татып, шай ішіңдер! (шай құюды көрсету) - Балалар, мен Айгөлекке: «Айгөлек, бауырсақ жей ғой» - деп айтамын. Айгөлек маған: «Рақмет!» - деп айтты. «Ас болсын!» - деп айттым. - Іңкәр, қонаққа сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же). Тамаша! **Қимылды әрекет** «Кесемен шай ішу» **Кейіпкермен қоштасу** - Мінекей, балалар, қонақтар шай мен бауырсаққа тойды. Рақмет айтып жатыр. - Біз не айтамыз? Сау болыңдар! - Сау болыңдар! **Қорытынды:** Балалар, бүгінгі ойындар ұнады ма? Қандай ойын ойнадық? Кімді күттік? Қонақ күттік. Жарайсыңдар!

			Балалар, бүгін сендер өте белсенді, қонақжай, нағыз дос болдыңдар. Қонақтар сендерге риза. Енді сендер қонақты қалай күту керектігін білесіңдер. Жарайсыңдар!
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	**4 жастағы балалар** **Саусақ жаттығуы** **«Көкөністер»** Бір, екі, үш, төрт, бес Көкөністерді санайық тез. Бір – картоп, екі – пияз, Үш - қызанақ. Төрт – қызылша, қияр – бес. Санап алдық бәрін біз.	**5 жастағы балалар** **Кел сөйлесейік!** Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін.	**5 жастағы балалар** **Қимылды әрекет** «Кесемен шай ішу» Аққұманды аламыз, Ішіне шай саламыз Суды құйып толтыра Шайды демдеп аламыз. Кесе, қасық аламыз Шайға қант саламыз Араластыра жайменен Шайды ішіп аламыз

Топтар:

№1 «Гномики» ересек тобы

мектепалды тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 24.04 – 28.04. 2023 жыл (4-апта)

Күн тәртібі	**Сейсенбі** **25.04**	**Сейсенбі** **25.04**	**Бейсенбі** **27.04**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «ЫІдыстар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу		

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.		
Сөздік минимум	Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.	Балмұздақ, тәтті. Маған балмұздақ ұнайды.	Үстелде не бар? Сен не аласың? Сен не ішесің?
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	**<u>Ересек топ</u>** **Тақырыбы:** **«Мен қасықпен жеймін»** **Міндеттері:** қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. **Амандасу,** **шаттық шеңбері** - Балабақшада таңғы асқа не жейміз? - Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. - Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? - Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. - Қасық не үшін қажет? - Қасықты қалай ұстау керек? - Қасықпен не жей	**<u>Мектепалды тобы</u>** **Тақырыбы:** **«Балмұздақ»** **Міндеттері:** жаңа сөздерді меңгерту: *балмұздақ, тәтті, маған балмұздақ ұнайды;* балалардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту; балалардың есте сақтау, тыңдау және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін жетілдіру Шаттық шеңбері: «Сәлем, балақай, сәлем!» әнімен амандасу Көңіл-күй шеңбері: түрлі смайликтер арқылы бүгінгі көңіл-күйін көрсету **Қызығушылықты ояту:** Мұздатқыштан балмұздақ суреті шығады Жұмбақ шешу: *Салқын, тәтті, дәмді,* *Ол не? (Балмұздақ)*	**<u>Мектепалды тобы</u>** **Сабақтың тақырыбы:** **«Кел, қайталайық!»** **Міндеттері:** тағам мен сусын түрлері бойынша сөздерді қайталау; қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту; балалардың есте сақтау қабілеттерін, зейінін, тілдік шығармашылықтарын жетілдіру. **Шаттық шеңбері:** Балалармен амандасу. **Көңіл күй шеңбері:** Көңіл күйлерін сұрап, тақырыпқа сәйкес көңілді әуен ойнату. **Қызығушылықты ояту** – Қандай тағамдарды білесіңдер? – Сендерге қандай сусын ұнайды? **Сөздермен жұмыс:** Оқытушы әр сөзді айтып, балалар қайталайды. Әр сөздің мағынасын түсіндіреді. – Нан: *Нан – әрбір үйде*

